



ЖИЫН

КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Қанат Нұров Алматы облысына жұмыс сапарымен келді. Бизнес-омбудсмен аймақ әкімі Марат Сұлтанғазиевпен кездесіп, өңірдегі іскерлік ахуалды жақсартудың өзекті мәселелерін талқылады. Одан соң Алматы және Жетісу облыстарының бизнес қауымдастығымен жүздесті.

● Ерзат АСЫЛ

Жиынды ашқан облыстық «Атамекен» ӨКП директоры Азамат Тағаймұратұлы кездесудің мақсаты – бизнес жүргізудің өзекті мәселелерін талқылау, кәсіпкерлердің өтініштерін қарастыру екенін айта келіп, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевке сөз берді. Аймақ басшысы өз сөзінде облыста шағын және орта бизнесті дамытудың мүмкіндігі зор екенін атап өтті.

«Шағын және орта бизнесті қолдау – облыс саясатының басым бағыттарының бірі. Бүгінде белсенді шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 156 мыңнан асып, өткен жылмен салыстырғанда 10,8 пайызға артты және бұл салада 272 665 адам жұмыспен қамтылды. Биылғы 8 айда шағын және орта бизнестен түскен салық көлемі 220,9 млн теңгені құрады. Өнім шығару көлемі 2,2 трлн теңгеге жетіп, өсім

33,3 пайызды көрсетті. Биыл бизнесті қолдауға 34,4 млрд теңге бағытталды. Ортақ күш-жігердің арқасында ғана біз аймақ экономикасының тұрақты дамуын және тұрғындар өмірінің сапасын арттыруды қамтамасыз ете аламыз», – деді Марат Елеусізұлы.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Қанат Нұров бизнес-омбудсменнің стратегиясымен бөлісті. «Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің миссиясы – басқа құқықтық мүмкіндіктер болмаған жағдайда кәсіпкерлердің заңды мүдделерін қорғау. Мемлекет бизнесті экономикалық тұрғыдан қолдауы керек. Біз жеке бизнестің барлық негізсіз әкімшілік және басқа шектеулерін, ең айқын тәуекелдерін анықтап, алдын алғымыз келеді. Осыған орай «Атамекен» ҰКП мен бизнес-омбудсмен екіжақты нәтижелі жұмыс істеуі тиіс», – деді ол.

Жиында кәсіпкерлер Қанат Нұровқа тікелей сұрақ қоюға мүмкіндік алды. Бұл ретте «Ahi Holding», «Kazpetfood» ЖШС сынды кәсіпорындар жер телімдерін заңдастыруда әкімшілік кедергілерге тап болғанын жеткізсе, «Алатау-құс» АҚ өкілі экологиялық талаптардың тым жоғары екенін алға тартты. Жекеменшік мектеп, балабақша салған кәсіпкерлер қаржыландыру мәселесінде қиындықтар туындағанын айтты. Әрбір сұрақ бойынша тиісті мемлекеттік органдар түсініктеме беріп, шешу жолдарын ұсынды.

«Кездесу көңілімнен толық шықты, әсіресе кәсіпкерлердің қатысуы маңызды болды. Аймақтық мәселелерді республикалық жүйелік деңгейде шешу керек деген үндеуім жауап тапқанына қуаныштымын. Түйгенім, кәсіпкерлерге жасалатын әкімшілік кедергілерді азайту қажет. Лауазымды тұлғаларға қолданыстағы заңнама-ны бұзғаны үшін дербес жауапкершілік қарастырылуы керек. Бұл тек атқарушы билікке ғана емес, сот, заң шығарушы органға да енгізілуі тиіс», – деген Қанат Нұров барлық көтерілген мәселені шешуге күш салып, белсенді көмек көрсететінін мәлімдеді.

ИССАПАР

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев иссапармен Іле және Қарасай аудандарына барып, ондағы жаңадан салынып жатқан нысандар – мектеп, тұрғын үй мен болашақ зауыт алаңы жұмысымен танысты. Ең алдымен Іле ауданы Н.Тілендиев ауылындағы «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерген мектепке табан тіреді.

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

Облыстық білім басқармасының басшысы Арайлым Төлеубекованың айтуынша, аталған жоба аясында 17 мектеп салынып біткен. Жыл соңына дейін Талғар ауданында 4, Еңбекшіқазақ ауданында 2, Іле, Алатау, Қарасай аудандарында бір-бірден, барлығы 9 мектептің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілмек. 2023 жылдан бері ұшауысымды 53 мектеп болған болса, аталған нысандардағы

жұмыс аяқталса, олардың саны 23-ке қысқарады.

«Н.Тілендиев ауылындағы мектеп – 900 орынды. Осы ауылда 600 орынды білім ошағы бар, қазір онда 1800-ден астам бала ұшауысымда оқып жатыр. Мектеп құрылысы аяқталғанда ондағы жарты оқушыны, қызметкерлерді жаңа нысанға көшіреміз. Мектеп заманауи талаптарға сәйкес жобаланған. Кең кабинеттер, зертханалар, акт және спорт залдары, 250 балаға арналған асхана бар», – деді Арайлым Ақсубайқызы.

Білім беру ордасындағы құрылыс барысы туралы учаске бастығы Жалын Ынтықбаев айтып берді. «Мектеп құрылысы 2023 жылдың қыркүйегінде басталды, осы жылы қараша айының соңында бітеді деп жоспарланған. Жалпы ауданы – шамамен 5 мың шаршы метр. Қазіргі таңда 140 адам еңбек етуде», – деді ол.

Облыс әкімі Марат Елеусізұлы жұмыс қарқыны баяу жүріп жатқанына ескерту жасап, тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» және мердігер «EXCLUSIVE Construction» компаниясына құрылыс сапасы мен нысанды мерзімінде тапсыру жөнінде тапсырма берді.

Келесі кезекте Қараой ауылындағы жеке инвестор есебінен салынған әлеуметтік осал топтағы жандарға берілетін тұрғын үй құрылысына атбасын бұрды. Жоба осы жылдың шілде айында басталған, желтоқсанда толығымен аяқталады деп күтілуде. Инвестиция сомасы – 3, 3 млрд теңге. Тұрғын үй саны – 114. Әр үйде төрт бөлмелі 2 пәтер, әрқайсысына 4 сотық жеке жер учаскесі қарастырылған. Жеке инвестор Ұлан Солтанбековтің айтуынша, құрылысқа байланысты мәселе жоқ. Үйлер жылу сақтайтын және дыбыс өткізбейтін материалдардан салынған. Инженерлік желілер жүргізілген, сонымен қатар киыршық тастар төселуде. Инвестор алдағы уақытта балалар алаңын орнатуды жоспарлап отыр. Аудан әкімдігі жобаның 30 үйіне 50 пайыз төлем жасалғанын, ал оны жалғастыру үшін келесі жылы қосымша қаржыландыру қажет болатынын жеткізді.

(Соңы 2-бетте) ➡

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Қонаев қаласында ұлттық мерекені ұлықтау орталық алаңдағы 55 метрлік Тұтұғырда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көкке көтерумен басталды. Ту көтерілген сәтте Қазақстанның халық әртісі Талғат Күзембаев орындаған еліміздің Мемлекеттік Гимнін ардагерлер, Ассамблея мүшелері, білім, спорт, төтенше жағдай, мәдениет саласының өкілдері, «Жас сарбаз», «Жас полиция» сыныптарының оқушылары, қала жұртшылығы қосыла шырқады.

Ел мерейі тасыған күн



● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

– Қонаев қаласының 55 жылдығына орай шаһардың орталық алаңына орнатылған Тұтұғырда Мемлекеттік Ту көтерілген мезетте жиналған жұртшылықтың Гимнді бірге орындауы ерекше әсерлі болды. Бұл көрініске куә болған менің көңілім толқып, кеудемді мақтаныш сезімі кернеді. Мұндай патриоттық іс-шаралардың өскелең ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтіні анық, – деді Ту көтеру рәсіміне қатысқан қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Жақан Ахаев.

Облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен мерекелік шара одан әрі қалалық Мәдениет үйіндегі салтанатты жиынға ұласты. Зал толы қауымды Республика күні мерекесімен құттықтаған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев қабылданғанына 35 жыл толып отырған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның елдігіміздің берік негізін қалаған, Тәуелсіздігімізге жол ашқан тарихи құжат екенін атап өтті.

– Кеңес одағы ыдырамай тұрғанда декларацияны қабылдау нағыз ерлік еді. Мұндай игі істің басы-қасында отаншыл қоғам және мемлекет қайраткерлері болды. Олардың қатарында еңбек еткен жерлестеріміз Ызғарбек Бектұрсынұлы, Серік Кәтенұлы, Әлихан Әбдіханұлы мен Нұрлан Ілиясұлы ортамызда көпшілікке өнеге болып жүр. Аталған кезеңде Алматы облысы ауқымды өзгерістер жолынан өтіп, өнеркәсіптік базасы қуатты, инфрақұрылымы дамыған, инвестициялық тартымды, халқының әлеуеті артқан аймаққа айналды. Тұрғындар саны 1,6 есеге көбейіп, қазіргі уақытта 1,6 млн адамды құрауда. Жалпы өңірлік өнім көлемі 35 миллион теңгеден 6 триллионға жетті. Осы жылдары 200-ге жуық мектеп, мыңнан астам балабақша, 110 медицина нысаны және 18 миллион шаршы метр тұрғын үй бой көтерді. Облыстың басты бағыттарының барлығында дерлік жана жолдар салынып, көліктік инфрақұрылым түбегейлі өзгерді, – деген аймақ басшысы мұның барлығы тұрғындардың өмір сапасының артуының нақты дәлелі екенін, болашақта экономикалық өсім жалғасын таба беретінін тілге тиек етті.

Сахна төрінде Марат Елеусізұлы Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 1053 Жарлығы бойынша мемлекеттік, қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар жерлесімізге «Барыс», «Құрмет», «Еңбек даңқы» ордендері мен «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдарын және «Мемлекеттік қызмет ардагері», «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерін табыстады. Сонымен қатар ел бірлігін нығайтуға, татулық пен келісімді сақтауға және мәдениетті дамытуға елеулі үлес қосқан азаматтар Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен, Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды. Сол секілді аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында аянбай тер төккен жандар «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін кеуделеріне тақты. Мұнымен қатар талантты және дарынды жастарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауының «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес» және «Медиа» бағыттары бойынша жеңімпаздарға 1 миллион теңгенің қайтарысмыз гранты табыс етілді.

Салтанатты жиын соңында облыс өнерпаздары ән-биден шашу шашты.



ІССАПАР

ҚАРҚЫНДЫ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарына жұмыс сапарымен барды. Аймақ басшысы сапарын Талғар қаласының селден қорғау бөгетінен №2 алаңға дейінгі магистральды су құбырының жұмысын көруден бастады. Мердігер мекеме – «TOLAGAI-2050» ЖШС жоба жетекшісі Самат Ыбырайдың айтуынша, 2022 жылы басталған жұмыстың 70 пайызы орындалған. Келесі жылы шілде айында толықтай аяқтау жоспарланып отыр.



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Құрылыс басында күнделікті 30-35 адам жұмыс істеуде. Нысан толығымен іске қосылғанда Талғар өзенінен құбыр арқылы келген су тұндырылып, сүзгіден өтеді. Одан соң зертханада хлорланып, су қоймаларына жіберіледі. Содан

кейін тұтынушыларға беріледі. Мұнда зертхана салынған. Енді оның ішіне жабдықтар орнатылмақ. Жоба іске асқан кезде Талғар қаласының жаңадан бой көтерген шағынаудандары ауызсумен қамтылады.

Келесі кезекте облыс әкімі Талғар қаласында салынып жатқан 9 қабатты тұрғын үйлердің құрылыс жұмысымен

танысты. Тоғызқабатты үш үйдің бірі былтыр желтоқсан айында, екіншісі биыл қыркүйекте пайдалануға берілген. Үшіншісі жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

Бұдан соң Марат Елеусізұлы Еңбекшіқазақ ауданындағы Бәйтерек ауылдық округіне қарасты Қойшыбек ауылына атбасын бұрды. Бұл ауылдағы үй жануарларына арналған жем шығаратын зауыттың тыныс-тіршілігімен танысты. Мұнда «Asia Pets» ЖШС құрылтайшысы Руслан Іргебаев цехтарды аралатып, өнім түрлерімен таныстырып, алдағы жоспарымен бөлісті.

Есік қаласында «SHEBERBUILD» ЖШС салып жатқан көпқабатты үйлердің құрылысын көрген облыс басшысы мердігер мекеме өкіліне биылға жоспарланған жұмысты бітпесе, бұл нысанның келесі жылы басқа мердігерге берілетінін ескертті.

Марат Сұлтанғазиев сапарының соңында Есік қаласының №4 Абылайхан атындағы орта мектебіне аялдады. 1938 жылы іргесі қаланған ғимараттың күрделі жөндеу жұмысының басталғанына екі жылдан асқан. Облыстық білім басқармасының басшысы Арайлым Төлеубекова мердігер мекеменің жөндеу жұмысын қараша айында аяқтайтынын жеткізді. Нысанды аралап, ауланы көріп шыққан облыс әкімі білім басқармасы басшысы мен мердігер мекеме басшылығына бірқатар тапсырма жүктеді.



Құрылыс барысымен танысты

◀ (Басы 1-бетте)

Сапар Қарасай ауданы Елтай ауылдық округі маңындағы «Jiang nan Kazakhstan» ЖШС іске асырып жатқан сэндвич-панельдер, алюминий бұйымдар және кабель-құралдар өндірісінің, сондай-ақ көтерме сауда орталығының индустриялық-логистикалық алаңында жалғасты. Жоба құны – 50 млрд теңге, 2025–2027 жылдар аралығында салынып бітеді деп жоспарланған. Өндіріс іске қосылғаннан кейін 2,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылмақ. Сондай-ақ ішкі нарыққа, ТМД елдеріне және Қытайға тауар жеткізумен де айналысады.

Соңғы нысан Қарасай ауданы Бұлақты ауылындағы 900 орынды мектеп құрылысы болды. Қазір мұнда 110 адам

екі ауысыммен еңбек етуде. Бұл білім ошағы да «Келешек мектептері» бағдарламасы бойынша салынуда. Құрылыс соңғы кезеңге жақыдағанымен, трансформаторлық қосалқы стансаны көшіруге байланысты электрмен қамтамасыз ету мәселесі әлі шешілмеген.

«Білім ошағы жаңа жұмыс орындарын ашуға және заманауи оқыту жүйесін қалыптастыруға септігін тигізеді. Оқушылар мен мұғалімдер жаңа әрі жайлы орынға көшуді асыға күтуде», – деген Марат Сұлтанғазиев жауапты мекемелерге электрмен қамтамасыз ету мәселесін жылдам шешуді тапсырды. Мектеп құрылысы аяқталып, қолданысқа берілсе, Қарасай ауданындағы ұшауысымды мектептер мәселесі толығымен шешілмек.

Іле, Қарасай аудандары

МАРАПАТ



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

Еңбектері елеулі

Облыстық әкімдікте Автомобиль көлігі және автожол саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Ігі шарада аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосқан сала мамандарының еңбегіне құрмет көрсетілді.

● Ерзат АСЫЛ —

Облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев сала қызметкерлерін мерекемен құттықтап, ел экономикасы мен өңірдің өркендеуіне қосқан қомақты үлестерін атап өтті.

«Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында елімізде жолаушылар мен жүк тасымалы үздіксіз жұмыс істеп, автожол инфрақұрылымы жылдан-жылға жаңарып келеді. 2025 жылы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуге бағытталған бірқатар жоба жүзеге асырылуда.

Еңбегімен еленген сала қызметкерлері «Құрметті жолшы» төсбелгісі, ҚР Көлік министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды.



Бірлігі жарасқан

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл маңызды кезең – ел бірлігі мен ынтымағының, татулық пен бейбітшіліктің нышаны.

Отыз жыл ішінде Ассамблея татулықты нығайтуға зор үлес қосты. Көптеген бастаманың ұйытқысы болды. Мәдениетаралық қатынасты дамытып, этномәдени бірлестіктердің маңызын арттырды. Ассамблея депутаттары Парламентте халықтың бірлігін, теңдігін және бейбіт өмірін сақтау бағытында еңбек етуде. Бүгінгі Қазақстан – бірлігі жарасқан ел. Бұл – Ассамблея қызметінің нақты жемісі. Ел бірлігі – біздің ең үлкен байлығымыз, ал татулық – тұрақты дамудың кепілі.

Ассамблеяның 30 жылдық мерейтойына орай «Алматы облысы музейлер бірлестігі» МКҚК филиалы Шелек тарихи-өлкетану музейінде «Бір шаңырақ астындағы мәдениеттер тоғысы» атты шара өтті. Мәдени шараға Еңбекшіқазақ ауданы мен Райымбек ауданының Құрметті азаматы, Шелек ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Әбілбек Айтақиев, Шелек ауылдық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Қалбүбі Қыдырбекқызы, Шелек ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы Жаннұр Ыбраймова және облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы КММ-нің Шелек ауылдық округі филиалының қызметкерлері қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Алматы облысының құрметті ардагері Әбілбек Айтақиев өз сөзінде осы жылдар ішінде Ассамблея еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің тірегіне, бірліктің берекелі бастауына айналғанын, ұйымның басты миссиясы – халықтар достығын сақтау, өзара түсіністік пен сыйластықты нығайту екенін тілге тиек етті. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болса, еліміз дамудың биік белестерін бағындыра беретінін жеткізді.

Шарада Тайыров, Розыбакиев, Бижанов атындағы орта мектептердің оқушылары ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетті. Кеш қонақтары мәдени шара соңында түрлі этностар мәдениетінен, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен сыр шертетін көрмені тамашалады.

Жанар БОРАЛТАЙҚЫЗЫ,
Шелек тарихи-өлкетану музейінің қызметкері
Еңбекшіқазақ ауданы

БРИФИНГ

Несие талабын түсіндірді

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында «Кең дала – 2026» көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына арналған жеңілдікті несиелеу бағдарламасының талабы түсіндірілді. Осыған орай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы егін шаруашылығы бөлімінің бас маманы Алмас Ақылбеков пен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Нұрмәди Әлібаев баяндама жасады.

● Тоғжан ЖОЛДЫФАЛИ —

– Облыс бойынша егін жинау науқаны аяқталуға жақын. Қазір жүгері мен май бұршақтан басқа дақылдар толық жиналды. Дикандар еңбегінің арқасында биыл ауыл шаруашылығы жұмысы өз дәрежесінде жүзеге асырылып, аймақтың азық-түлік қоры қалыптастырылды, – деді егін шаруашылығы бөлімінің бас маманы.

Баяндамашылардың айтуынша, Мемлекет басшысы осыған дейін де Үкімет пен қаржы институттарының алдына күзгі егін жинау мен көктемгі егіс жұмысын уақытылы жүргізу жөнінде нақты міндет қойған. Онда фермерлерді қажетті қаражатпен қамту да тапсырылған. Бұл міндетті іске асыру мақсатында «Кең дала» несиелік бағдарламасы аясында облыстың ауыл шаруашылығы саласына 6,5 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілген.

Қолдау шараларын жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу нәтижесінде «Кең дала-2» бағдарламасы былтырғыдан бір ай бұрын іске қосылған. Ол арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер егін егудің жаңа маусымына ерте қамдануларына мүмкіндік ашылмақ. Аталмыш бағдарлама аясында қазан айынан бастап аграрлық несие корпорациясы арқылы өтінімдер қабылданауда. Бұл несиенің тиімділігі – жылдық сыйақы мөлшерлемесі 5% деңгейінде сақталады. Қаржыландыру аграрлық несие корпорациясының филиалдары мен серіктес қаржы институттарының желісі арқылы жүзеге асырылады. 2022 жылы «Кең дала» бағдарламасына 140 млрд теңге бағытталса, 2024 жылы 321,5 млрд теңге қаржы қарастырылған. Ал биыл 700 млрд теңгеден асқан. «Кең дала-2» бағдарламасына қатысуға өтінім беру үшін фермерлер аграрлық несие корпорациясына жүгіне алады.

Келесі кезекте сөз алған Нұрмәди Нұрланұлы агроқұрылымдар үшін көктемгі егіс жұмыстарына уақытылы дайындалу аса маңызды екеніне тоқталды.

– Біздің басты мақсатымыз – қолжетімді және тиімді қаржыландыру жүйесін қалыптастыру арқылы еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытуға жәрдемдесу. Корпорация 2025 жылдың 1 қазанынан бастап «Кең дала-2» негізгі бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдауды бастады. Демек, бағдарлама былтырғыға қарағанда 1 ай бұрын іске қосылды. Ол арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге жаңа маусымға дайындалуға қосымша уақыт берілуде. Ерте қаржыландыру механизмі алғаш рет 2024 жылдың қараша айының соңында іске қосылды және бірден жоғары сұранысқа ие болды. Сол кезде корпорация 100 млрд теңге бөлді. Бұл бастама фермерлердің оң бағасын алды және биыл оның ауқымы айтарлықтай кеңейе түсті. «Кең дала-2» бағдарламасы бойынша несие 18 айға дейінгі мерзімге беріледі, яғни қарыз алушы қаражаттың 50%-ын келесі жылдың 1 наурызына дейін өтейді. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және ҚР Үкіметінің қолдауымен несие сомасын ұлғайту туралы шешім қабылданған, – деді Нұрмәди Әлібаев.



МЕДЕТБЕК БАТЫР – 200

Медетбек батырдың туғанына 200 жыл толуына арналған «Ұлт-азаттық күрес және Медетбек батыр» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бас ғимаратында ұйымдастырылған шараға ғалымдар, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, мәдениет қызметкерлері және студенттер қатысты.



АЗАТТЫҚ

● Серік САТЫБАЛДИЕВ —

Жиынды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Мәуленов ашып, жүргізіп отырды. Алғашқы сөзді алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми істер жөніндегі проректоры, философия докторы Ертай Сұлтан осы оқу орнының баскарма төрағасы-ректоры Болат Тілептің конференция қатысушыларына арнаған құттықтауын оқып берді. Ал облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің ізгі тілегін «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Ерлан Жақыпов жеткізді. Мемлекет және қоғам қайраткері, Халық қаһарманы, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев өз сөзінде ел жадында мәңгілік сақталып қалған есіл ердің батырлығына айрықша баға берді.

Конференцияда белгілі ғалымдар батырдың ерлік істері мен қайраткерлігі жайында кен көлемде баяндама жасап, ұрпаққа қалдырған өнегесін сан қырынан ашып көрсетті. Бұл орайда ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰПУ тарих және құқық факультетінің деканы Ғабит Кенжебаев «Ұлттық тұлға тұғырындағы Медетбек батыр», академик Қансейіт Әбдезұлы «Қазақтың азаттық жолындағы күресі және Медетбек батыр» тақырыбында баяндады. Ал жазушы Қорғанбек Аманжол «Бахадүр әулет. Батыр бабалар ғибраты», ҚР ҰҚК Алматы облысы бойынша шекара қызметі баскармасының бастығы Әлібек Қаюпов «Ел қорғаған ер: Медетбек батырдың тарихи тұлғасы» тақырыптарын тарқатты. Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің деканы Досбол Байғұнаков «Ер майданда шынығады», аталған оқу орнының тарих және қоғамдық ғылымдар институтының профессоры Талдыбек Нұрпейіс «Ерлікпен өткен бір ғасыр», ҚР ҰҚК Шекара академиясының профессоры, әскери ғылымдар докторы Досай Абырайым «Өткен заманның белгісіз беттері», ҚазҰУ Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері Қайрат Жаңабай «Сүйінбай Аронұлы поэзиясындағы ұлт-азаттық идеялар», «Медетбек батырдың парасаттылығы туралы» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Доктырхан Тұрлыбек, «Ел қорғаған қазақ батырларының соңғы ізбасарларының бірегейі» тақырыбында өлкетанушы, шежіреші, тарихшы Асқар Селеубаев өз зерттеулерін ортаға салды.

Медетбек батырдың өмірі мен қызметіне қатысты нақты тарихи деректер аз болғанымен, батырлығы мен ел қорғаудағы ерлік істері халық жадында жақсы сақталған. Есімі ел ішінде құрметпен аталып, өскелең ұрпаққа үлгі болып келеді. Баяндамашылар ол өмір сүрген кезеңдегі тарихи жағдайларды сараптай отырып, батырдың алар орнын айшықтай түсті. Ерлігі ел аузында жүрген Сұраншы, Саурық,

Өтеген, Медетбек сияқты ерлер – Қоқан хандығының езгісіне қарсы күресте аты шыққан батырлар.

Қоқан хандығы 1808-1810 жылдары қазақтың Түркістан, Шымкент аймақтарын, 1820 жылдары Арал теңізінен Шу, Іле өзендеріне дейінгі аралықты басып алғаны белгілі. Олар қазақтарға алым-салықты үдетті. Мысалы, жылына үй басына 6 қой, 24 қап көмір, 4 арба сексеуіл, 100 бау қамыс, тиісті мөлшерде алтын-күміс тапсыруға міндеттеп, үш ай сайын елден салық жинау үшін әскер жіберіп отырған екен. Қоқан билеушісі



ҮШІН АЙҚАСҚАН

Мырза Ахмет 1858 жылы наурызда Әулиеата, Жетісу жеріне 4000 әскер жібереді. Жергілікті қазақтарға қысым жасап, қорлап, мал-мүлкі мен қыз-келіншіктерін тартып алып, істеген зорлық-зомбылығы халықты қатты ашыңдырады. 1858-1876 жылдар

үстемдігін жүргізе бастайды. Олар салған бекіністердің саны күннен-күнге артып келе жатты. Әр бекіністе ұңғысы үңірейген шойын зеңбіректер, мылтығын шошайтқан мыңдаған әскер қарсы шыққанды құрбандыққа шалуға дайын тұрды.

қолына Сұраншы, Байсейіт, Медетбек батырлар бастаған қазақ сарбаздары қосылып, Ұзынағаш маңында Қоқан әскерін тас-талқан етіп жеңді. Бұл соғыс тарихта «Ұзынағаш шайқасы» деген атпен қалды.

Алайда соңында қалың қолы бар

Медетбек батыр Есебайұлының ел азаттығы жолындағы күресте көрсеткен ерлігі туралы әңгіме бізге ұмытылмай жетіп, жас ұрпақтың отаншылдық рухын көтеруге қызмет етіп келеді. Даңқты ғұмырын халқының келешегіне арнап, елім деп еңіреп өткен есіл ерін халқы ардақтап, жадында сақтап, ерлігін өнеге етіп келеді. Жиын барысында толықтырылып қайта басылған «Медетбек батыр» кітабының тұсауы кесілді. Белгілі журналист-жазушылар Доктырхан Тұрлыбек, Манарбек Ізбасар және профессор Алмасбек Мәуленовтің бұл кітабында халық қаһарманы туралы аңыз болып жеткен әңгімелер мен тарихи деректер барынша қамтылған. Аталған авторлар Медетбек батырдың ерлік істерін жинақтап зерттеуге және насихаттауға зор үлес қосып отыр.

Еңбекшіқазақ ауданы Таутүрген ауылында 2007 жылы Медетбек батырдың айшықты кесенесі бой көтерген. Арада бір жыл өткен соң, Жамбыл ауданы Саурық батыр ауылының маңындағы Қаракөтерме биігінде ат үстіндегі еңселі ескерткіші салтанатты жағдайда ашылды. Сол жылдарда батырдың ерлігі мен қайраткерлігі баяндалған деректі фильм түсірілген. 2012 жылы жазушы-режиссер Доктырхан Тұрлыбектің «Тереңнен тартқан тектілік» атты тарихи-танымдық кітабы баспадан шыққан. Онда, әсіресе, батырдың парасаттылығы нақты мысалдармен ашып көрсетілді.

Быыл Медетбек батырдың 200 жылдығы өңірде кеңінен аталып өтуде. Бұған тарихи тұлғаның тікелей ұрпақтары белсенділік танытуда. Медетбек Есебайұлының шөбересі, мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов бастаған зиялы қауым өкілдері осы айдың басында Таутүрген ауылындағы Медетбек батыр кесенесінде тағзым етіп, аруағына Құран бағыштады. Мерейтойлық шара Жамбыл ауданында жалғасып, Қаракөтермедегі ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Аудан орталығы Ұзынағаш ауылындағы Мәдениет үйінде салтанатты жиын болды. Онда аудан әкімі Нұрлан Ертас есімі аңызға айналған Медетбек батырдың ерлігіне көпшілік алдында ерекше тоқталды. Әділ Шаяхметов бүкіл ғұмырын елін қорғауға арнаған батыр бабасының есімін ардақтап келе жатқан аймақ жұртшылығына ризашылығын білдірді. Сол күні ауданның бір топ тұрғынына Медетбек батырдың естелік медалі, Алғыс хат тапсырылды. Батырға арналған мерейтойлық іс-шаралар алда әлі де жалғасады. Оның ішінде бұқаралық-спорттық жарыстар өткізу де көзделіп отыр.

Батырдың 200 жылдығын лайықты атап өтуге ұйытқы болып жүрген мемлекет және қоғам қайраткері, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің түлегі, қазір осы оқу орнындағы ректорлар кеңесінің құрметті мүшесі, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметұлының елеулі еңбегін атап өткен жөн.



аралығында қазақ жерінде Қоқан хандығының езгісіне қарсы 40-қа жуық көтеріліс болады. Әділетсіздікке қарсы мұндай қарулы қатығыс Түркістан, Әулиеата, Сайрам, Шымкент, Шу, Жетісу өңірлерінде жиі орын алған. 1858 жылы Әулиеата маңында бұрк ет түскен көтеріліс қазақтың бүкіл Оңтүстік өлкесін, Жетісу жерін, Шудың шығыс бөлігін толықтай қамтиды.

Азаттық жолындағы күрес даңқты батырларды туғызды десек, соның бірі – Медетбек батыр Есебайұлы. Жастайынан атқа қонып, бес қаруын асынып, соғыс өнерімен ерте машықтанған Медетбек 20 жасқа толартолмастан басқыншыларға қарсы халық көтерілісіне қатысады. 1845 жылға қарай Жетісу жеріндегі жағдай ушыға түскен. Солтүстіктен қаптаған Ресей империясының басқыншылары да қазақ даласына дендей еніп,

Медетбек батырдың өмірі мен қызметіне қатысты нақты тарихи деректер аз болғанымен, батырлығы мен ел қорғаудағы ерлік істері халық жадында жақсы сақталған. Есімі ел ішінде құрметпен аталып, өскелең ұрпаққа үлгі болып келеді. Баяндамашылар ол өмір сүрген кезеңдегі тарихи жағдайларды сараптай отырып, батырдың алар орнын айшықтай түсті. Ерлігі ел аузында жүрген Сұраншы, Саурық, Өтеген, Медетбек сияқты ерлер – Қоқан хандығының езгісіне қарсы күресте аты шыққан батырлар.

Екінші жактан Қоқан хандығы да аш бөрідей жағадан алып, халықты қан қақсатты. Мұның бәрі Алатау баурайын мекендеген халыққа да оңай тиген жоқ. Сол заманда тарихта аты қалған Сұраншы, Саурық, Байтұра, Бекболат, Шымырбай, Сүттібай, Байсейіт, Медетбек сияқты батырлар мен Нарбота би, Андас датқа, Сарыбай би сияқты көрнекті тұлғалар халықты басқыншыларға қарсы күреске жұдырықтай жұмылдыра білді. Қасиетті атақонысты сақтап қалуға өлшеусіз үлес қосты.

Қазақ елі мен жерін тұтасымен усында ұстап тұруға бұрыннан құмбыл Ресей патшалығы бұл өлкеге Қоқан хандығының иелік етуін қаламайтыны белгілі еді. Сондықтан 1860 жылдың күзінде Қоқан хандығының Қанағатша бек бастаған жасағына қарсы орыс армиясының генералы Г. Колпаковский 800 әскерімен соғыс ашты. Орыс


қоқандықтар қазақ елінің мазасын алуды тоқтатпады. Олар Шу өзенінің батысынан әрі қарай бекініс салып жатып алды. Сұраншы мен Медетбек батырлар қоқандықтармен қайта шайқасуға кірісті. Қазақтың бұл жасағында 3 мыңнан аса сарбаз бар еді. Азда болса қолдарына білтелі мылтық алып, найза, қылышпен қаруланып, жарау ат мінген, шетінен жаужүрек жігіттер кез келген шайқасқа дайын болатын. Жетісулық қолға орта жолда Меркі, Аспара аймағынан ер-азаматтар қосылып, күшейе түседі.

Сыпатай Саурықұлы, Медетбек Есебайұлы, Бірімқұл Сыпатайұлы, Байсейіт Тойшыбекұлы сияқты ерлер Сұраншы батырдың сарбаздарымен бірге Әулиеата, Шымкент, Ташкент атырабындағы шайқастарда батырлықтарымен қоса тапқырлық, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көзге түсіп, көптеген тар жол, тайғақ кешуде ерен



МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

ҚОНАЕВ АСПАНЫНДА
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БЕЙНЕЛЕНДІ



Суреттерді түсірген – Астан ҚАЖЕКЕ

Қонаев шаһарында Республика күніне орай мыңдаған тұрғын мен қала қонақтарын тамсандырған мерекелік шара өтті. Орталық алаңда эстрада жұлдыздары өнер көрсетіп, патриоттық әндер, тыңдарманның жүрегінен орын алған танымал әуендер шырқалды. Шараның ең әсерлі тұсы қала аспанын түрлі-түсті шаммен көмкерген дрондар шоуы болды. Мұндай шоу Қонаев қаласында бірінші рет өткізілді.

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА —

Әуеге көтерілген 500-ден астам дрон түрлі бейнеге еніп, ел тарихы мен өңір ерекшелігінен сыр шертті. Қазақстан Туы, картасы, киелі домбыра, Алматы облысының нышаны саналатын қар барысы, Алтын адам мен қып-қызыл апорт бейнесі, құттықтау жазбалары көрерменнің патриоттық сезімін оятып, еліне деген сүйіспеншілігін арттырды. Әсіресе ақырын басып, алға жылжып бара жатқан қар барысының көрінісі өңірдің де даму жолын, бағындырар белесін суреттегендей. Шоу аяғында жұртшылық көк аспанда дронмен жазылған Әнұран мәтіні мен Тұтқырға қарап, Мемлекеттік Гимнді шырқады.

Қала тұрғыны Акбота Жұмағазы: «Мұндай шоуды алғаш көруім. Әсем бейнелер көздің жауын алып, көңілге ерекше қуаныш сыйлады. Әсіресе Қазақстан Туы бейнеленгенде кеудемді мақтанш сезімі кернеді», – деп өз әсерімен бөлісті.

Осылайша орталық алаңға жиналған қауым керемет кештің куәсі болып, ән-жырдың әуезіне елітіп, әуеде калықтаған ұлттық болмыстың көрінісін тамашалап, ерекше күйге бөленді.

Қонаев қаласы

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Тең мүмкіндік алаңы

Есік қаласындағы Райымбек батыр атындағы орта мектепте ерекше білім беруді қажет ететін мектеп оқушылары арасында облыстық инклюзивті спорт фестивалі өтті. «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында ұйымдастырылған жарыста барлық ауданнан келген 50-ге жуық спортшы бақ сынады. Үздік шыққан 18 қатысушы республикалық кезеңге жолдама алды.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ —

Аталған жарысқа «AMANAT» партиясының Алматы облыстық филиалы жанындағы әйелдер қанаты қолдау көрсетті. Фестивальдің мақсаты – достықты, өзара сыйластықты және әлеуметтік белсенділікті арттыру, қоғамда инклюзия қағидатын насихаттау.

«Партия бастамасымен «Тең мүмкіндіктер» фестивалін үшінші жыл ұйымдастырып отырмыз. Бүгінгі алаңда қатысушылар бочча, жеңіл атлетика және эстафета сияқты спорт түрлерінен өз кабинетін көрсетті», – деген «AMANAT» партиясы облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Асман Көбентаев жастардың ерік-жігері мен командада бір-біріне қолдау көрсетіп, бірлесе жұмыс істеуін ерекше атап өтті.

Жарыс соңында жеңімпаздар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Командалық есепте бірінші орынды Еңбекшіқазақ ауданы алса, екінші орынды Қарасай, үшінші орынды Іле ауданы иеленді.

Ерекше қажеттілігі бар балалардың бойындағы ерік-жігер мен табандылықты оятатын мұндай фестивальдің берері мол. Ендеше, қараша айында Астанада өтетін республикалық жарыстан жерлестеріміздің жеңіспен оралуына тілектеспіз.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясы «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында 2028 жылға дейін еліміздің әрбір елдімекенінде кем дегенде бір инклюзивті кабинет ашуды жоспарлаған.

Еңбекшіқазақ ауданы



2025 жылы 5 шілдеде қайтыс болған азамат Мұрат Айболатұлы Шаяхметовтің мұрагерлері іздетірілуде. Мұрагерлікті қабылдау немесе бас тарту туралы өтініш 2026 жылдың 5 қаңтарына дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қонаев қаласы, 4-шағынаудан, 29-үй. Нотариус – Азамат Сейітқожаұлы Бахтияров.	Разыскиваются наследники гражданина Шаяхметова Мурата Айболатовича, умершего 05 июля 2025 года. Заявления о принятии или об отказе от наследства будут приниматься до 05 января 2026 года по адресу: Алматинская область, город Қонаев, 4-микрорайон, дом 29. Нотариус – Бахтияров Азамат Сейтқожаевич.
---	---

ХАБАРИАНДЫРУ

08.12.2025 жылы, сағат 11-00-де Алматы облысы Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13 мекенжайында «Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлердегі «Қварцкум» құрылыс құм кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfl. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ТК Газоблок» ЖШС, БСН: 210840021857, мекенжайы: Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кенті, Онеркәсіп аймағы, 71 разьезд, 4 «А» ғимарат, тел: 87714903692, too_tkgazoblok@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

08.12.2025 г. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, г.Қонаев, ул.Жамбыла, 13 будут проводится общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ месторождения строительного песка «Кварцкум», на землях административно-территориального подчинения города Қонаев Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mfl. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ТК Газоблок», БИН: 210840021857, Алматинская область, Илийский район, п.Боралдай, Промышленная зона, 71 разьезд, здание 4 «А», тел: 87714903692, too_tkgazoblok@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ЖК «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

08.12.2025 жылы, сағат 11-30-да Алматы облысы Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13 мекенжайында «Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлердегі «Кварцкум» құрылыс құм кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfl. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ТК Газоблок» ЖШС, БСН: 210840021857, мекенжайы: Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кенті, Онеркәсіп аймағы, 71 разьезд, 4 «А» ғимарат, тел: 87714903692, too_tkgazoblok@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

08.12.2025 г. в 11:30 часов, по адресу: Алматинская область, г.Қонаев, ул.Жамбыла, 13 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ месторождения строительного песка «Кварцкум», на землях административно-территориального подчинения города Қонаев Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mfl. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ТК

Газоблок», БИН: 210840021857, Алматинская область, Илийский район, п.Боралдай, Промышленная зона, 71 разьезд, здание 4 «А», тел: 87714903692, too_tkgazoblok@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

07.11.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлерде орналасқан «Кварцкум» құрылыс құм кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ТК Газоблок» ЖШС, БСН: 210840021857, мекенжайы: Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кенті, Онеркәсіп аймағы, 71 разьезд, 4 «А» ғимарат, тел: 87714903692, too_tkgazoblok@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 07.11.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного песка «Кварцкум», расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ТК Газоблок», БИН: 210840021857, Алматинская область, Илийский район, п.Боралдай, Промышленная зона, 71 разьезд, здание 4 «А», тел: 87714903692, too_tkgazoblok@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

11.12.2025 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі, 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Асфальтбетон 1» ЖШС өндірістік базасы үшін ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfl. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Асфальтбетон 1» ЖШС, БСН: 060440009474, мекенжайы: Алматы қаласы Жетісу ауданы, Серіков көшесі, 20 «А» үй. Тел: 87074536125, ecolog@abl.kz.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@

mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

11.12.2025 г. в 11:00 часов по адресу: Алматинская область, Еңбекшиказахский район, с.Каракемер, ул.Тастанбеков, 7 будут проводится общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях для производственной базы ТОО «Асфальтбетон 1» расположенного в Еңбекшиказахском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mfl. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Асфальтбетон 1», БИН: 060440009474, адрес: г.Алматы, Жетысуский район, ул.Серикова, дом 20 «А». Тел: 87074536125, ecolog@abl.kz.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

11.12.2025 жылы, сағат 11:30-да Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі, 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Асфальтбетон 1» ЖШС өндірістік базасы» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfl. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Асфальтбетон 1» ЖШС, БСН: 060440009474, мекенжайы: Алматы қаласы Жетісу ауданы, Серіков көшесі, 20 «А» үй. Тел: 87074536125, ecolog@abl.kz.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

11.12.2025 г. в 11:30 часов, по адресу: Алматинская область, Еңбекшиказахский район, с.Каракемер, ул.Тастанбеков, 7 будут проводится общественные слушания по Производственной базе ТОО «Асфальтбетон 1» расположенный в Еңбекшиказахском районе Алматинской области.

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mfl. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Асфальтбетон 1», БИН: 060440009474, адрес: г.Алматы, Жетысуский район, ул.Серикова, дом 20 «А». Тел: 87074536125, ecolog@abl.kz.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

07.11.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан №№1,2,3,7 және 8 топырақ учаскелерін жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Оңтүстік Ғимарат» құрылыс компаниясы» ЖШС, БСН: 100140011881, мекенжайы: Алматы облысы Іле ауданы Мұхаметжан

Түймебаев ауылы, Бау-бақша серіктестіктерінің кооперативі «Жаға Жай», Қаракат көшесі, 7-үй, тел: 87054901112, aftermedia@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 07.11.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации грунтовых участков №№1,2,3,7 и 8, расположенных в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Оңтүстік Ғимарат» құрылыс компаниясы», БИН: 100140011881, Алматинская область, Илийский район, с.Мухаметжан Түймебаев, Потребительский кооператив садоводческих товариществ «Жаға Жай», ул.Каракат, дом 7, тел: 87054901112, aftermedia@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

07.11.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан ППС-1, ППС-2, ППС-3, ППС-4 құм-киршіш тас қоспасының учаскелерін және «Тас-1» құрылыс тас учаскесін жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Оңтүстік Ғимарат» құрылыс компаниясы» ЖШС, БСН: 100140011881, мекенжайы: Алматы облысы Іле ауданы Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Бау-бақша серіктестіктерінің кооперативі «Жаға Жай», Қаракат көшесі, 7-үй, тел: 87054901112, aftermedia@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 07.11.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации участков песчано-гравийной смеси ППС-1, ППС-2, ППС-3, ППС-4 и участка строительного камня «Камень-1», расположенных в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Оңтүстік Ғимарат» құрылыс компаниясы», БИН: 100140011881, Алматинская область, Илийский район, с.Мухаметжан Түймебаев, Потребительский кооператив садоводческих товариществ «Жаға Жай», ул.Каракат, дом 7, тел: 87054901112, aftermedia@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267есо@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22ВРУ0086933 куәлігі берілген. Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қыздарасын білдірмейді	Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек	МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. Тапсырыс – 1114
Газеттегі кейбір суреттер галамтордағы ашық дереккөздерден алынады	«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000 , оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823 . Индексі – 64792.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады	Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ
Суреттердің жапсау үшін редакция саусап береді.	

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ
Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:
Қуаныш ТҮНҒАТАР

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА
alatau_jarnama@mail.ru

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

8 701 254 97 55
8 701 347 60 32
8 702 488 56 12
8